

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қарашадағы N 1114 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 363 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 363 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 483 қаулысымен мақұлданған Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған :

1) Кеңестің құрамы ;

2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 23 қарашадағы
N 1114 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестің құрамы

Школьник - Қазақстан Республикасының Индустрия
Владимир Сергеевич және сауда министрі, төраға
Баталов - Қазақстан Республикасының Индустрия
Асқар Болатұлы және сауда вице-министрі, төрағаның
орынбасары

- Нұрмәдиева - Қазақстан Республикасы Индустрия
Нәсіма Ісләмқызы және сауда министрлігінің
Кәсіпкерлікті дамыту департаменті
директорының орынбасары, хатшы
- Супрун - Қазақстан Республикасының Экономика
Виктор Васильевич және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
- Біралиев - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Әлжан Хамидоллаұлы ортаны қорғау вице-министрі
- Қасымбек - Қазақстан Республикасының Көлік және
Жеңіс Махмұдұлы коммуникация вице-министрі
- Нұғманов - Қазақстан Республикасының Әділет
Серік Пикұлы вице-министрі
- Мусина - Қазақстан Республикасының
Лилия Сәкенқызы Ауылшаруашылық вице-министрі
- Сизов - Қазақстан Республикасы Жер
Александр Павлович ресурстарын басқару агенттігі
төрағасының орынбасары
- Өжкенов - Қазақстан Республикасы Энергетика
Болат Сұлтанұлы және минералдық ресурстар министрлігі
Геология және жер қойнауын пайдалану
комитетінің төрағасы
- Өтепов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Эдуард Карлұлы министрлігі Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің төрағасы
- Ысқақов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Жәнібек Сапарұлы Министрінің кеңесшісі
- Чирков - Қазақстан Республикасы Премьер-
Владимир Николаевич Министрінің кеңесшісі
- Дворецкий - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен
Владимир Яковлевич жұмыс берушілерінің жалпыұлттық
одағы басқармасы төрағасының
орынбасары
- Мұратәлиев - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен
Біржан Раушанұлы жұмыс берушілерінің жалпыұлттық
одағы басқармасы төрағасының
орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2006

жылғы

23

қарашадағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (бұдан әрі - ӘКК) қызметін үйлестіру мақсатында құрылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Кеңестің міндеттері

4. Кеңестің міндеттері:

1) ӘКК-ні құру тұжырымдамасының негізгі ережелерін ескере отырып, ӘКК-ні дамытуды іске асырудың негіз қалаушы міндеттері мен тетіктері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

2) ӘКК қызметінің басты стратегиялық бағыттарын айқындау;

3) ӘКК-нің қызметін үйлестіру болып табылады.

5. Міндеттерді шешу кезінде Кеңес мына мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлейді:

1) ӘКК-ні басқару органдарының құрамын айқындау (акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі);

2) экономикалық субъектілердің қалың тобын экономикалық үдерістерге тарту;

3) берілген мемлекеттік активтерді елдің тиісті өңірінде тиімді басқару;

4) ӘКК-нің мақсаттар мен қаржылық нәтижелерге қол жеткізуі бойынша олардың қызметін бағалауды жүргізу;

5) өңірлерде тиісті кластерлерді құру кезінде басым салаларды айқындау;

6) мемлекеттік меншік активтерін, жерді ӘКК-нің меншігіне беру жөнінде билік органдарымен, сондай-ақ инвестициялар тарту мақсатында әлеуетті инвесторлармен, даму институттарымен және басқа да қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау.

3. Кеңестің құқықтары

6. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға;

2) Кеңес мәжілістеріне мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін шақыруға және оларды қаралатын мәселелер бойынша тыңдауға құқылы.

4. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

7. Кеңесті төраға - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі басқарады. Кеңес төрағасы Кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Кеңестің қызметіне жауапты болады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасар орындайды.

8. Кеңестің құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері кіреді.

9. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі болып табылады.

10. Кеңестің жұмыс органы Кеңес қызметін ұйымдастырушылық-ақпараттық камтамасыз етуді жүзеге асырады.

11. Кеңес жұмыс органының жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы Кеңестің хатшысы болып табылады. Кеңестің хатшысы Кеңес мәжілісінің күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайды және мәжіліс хаттамасын ресімдейді.

12. Кеңестің мәжілісі оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде, қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

13. Мәжілістердің күн тәртібін Кеңестің төрағасы Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде қалыптастырады.

Кеңес мәжілістерін өткізу уақыты мен орнын Кеңестің төрағасы айқындайды.

14. Мәжілістің күн тәртібін Кеңестің хатшысы Кеңестің мүшелеріне, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғаларға жібереді.

15. Мәжілістің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешімдер ашық дауыспен, Кеңеске қатысушы мүшелердің басым дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

16. Кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді. Мәжілістің хаттамасын хатшы дайындайды және оған Кеңестің мәжіліске қатысқан барлық мүшелері қол қояды

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол жазбаша түрде жазылады және хаттамаға қоса берілуге тиіс.

17. Кеңес мәжілісінің қол қойылған хаттамасы Кеңестің мүшелері мен мүдделі мемлекеттік органдарға жіберіледі.

5. Кеңестің қызметін тоқтату

18. Кеңес өзінің қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.